

«ЖАС ҒАЛЫМ» АТТЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ КӨРМЕСІ

Назарбаев Университеті Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мектебінің «Қазақ тілі және түркітану» Департаменті Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігімен бірлесе 2019 жылдың 12-19 сәуірінде «Жас ғалым» атты студенттердің ғылыми көрмесі өткізді. Ғылыми көрме қазақтан шыққан тұңғыш академик, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың туғанына 120 жыл толуына және 2019 жыл – Жастар жылына арналды.

Көрменің маңыздылығы: Назарбаев университетінде қазақ тілінің мәртебесін арттыру; Қазақ қоғамының өзекті мәселелерін зерттеу арқылы жастардың бойында тұлғалық белсенділігін дамыту; Студенттердің қазақ тілінде академиялық ғылыми ізденістер жүргізу дағдыларын қалыптастыру; Астана қаласы жоғары оқу орындары студенттері арасында интеграциялық қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

«Жас ғалым» атты студенттердің ғылыми көрмесіне Нұр-Сұлтан қаласының 5 университеттерінен 60-тан астам студенттер мен профессорлар қатысты. Көрмеге қатысқан ЖОО қатарында: Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті; Сейфуллин атындағы Қазақ агро-техникалық университеті; Нәрікбаев атындағы Қазақ Заң университеті; Еуразия гуманитарлық институты; «Тұран-Астана» университеті

Ғылыми көрмеде сарапшыларының іріктеуінен өткен үздік 40 ғылыми постерлер мен ғылыми мақалалар қойылды. Студент постерлері зерттеу салалары бойынша 4 ғылыми бағыттар бойынша жүйеленді: Қазақ тіл білімі; Қазақ әдебиеттану ғылымы; Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар; Жаратылыстану-техникалық ғылымдар. Ғылыми постерлер тақырыбы отандық және халықаралық деңгейдегі өзекті мәселелерге арналды. Мысалы, ғылыми жұмыстар еліміздегі латын әліпбиі реформасынан бастап қауіпті ісікті емдеудің соңғы медициналық зерттеулері қарастырылды.

«Жас ғалым» көрмесінің ашылу рәсімін кіріспе сөзбен «Қазақ тілі және түркітану» Департаментінің меңгерушісі Юлай Шамилоглы ашты. Қатысушыларға құттықтау сөзді – Назарбаев Университетінің студенттік істер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президенті Қадияша Дайырова, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мектебінің деканы Даниэль Пью, Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің президенті Эльмира Оразалиева, «Рухани жаңғыру» мәдени орталығының директоры Гүлтас Құрманбай айтты.

Көрмеге қатысушылар ғылыми ізденістерін арнайы кәсіби мамандардан жасақталған әділқазылар алқасына қорғады. Көрме жұмысының қорытындысы бойынша 4 ғылыми бағыттардан ең үздік ғылыми жұмыстар анықталды:

1. «Қазақ тіл білімі» бағыты бойынша - «Әлеуметтік желілердегі тілдік агрессия», Давронбекова Нафосатхон, М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті
2. «Қазақ әдебиеттану» бағыты бойынша – «І.Жансүгіровтің "Құлагер" поэмасының ағылшын тіліне аударылу сипаты», Әуез Аружан, SHSS, 1 курс
3. «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша - "Заманауи Нұр-Сұлтан тұрғын үй кешендері атауларының үрдісі", Сыратай Асылзат, Ақанова Салтанат, SHSS, 2 курс
4. «Жаратылыстану ғылымдар» бағыты бойынша - «Көмуге кететін қалдықтар көлемін азайту жолдары», Күмісбек Айғаным, Қалдар Салтанат, Инженер, 4 курс

Көрме соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификат және ең үздік постер жүлдегерлеріне марапаттау мен арнайы сыйлықтар таратылды.

«Жас ғалым» атты студенттердің ғылыми көрмесі – ғылыми пікір-таластар мен болашақ ғылыми әлеуеттің қалыптасу алаңы айналды!